

"Көшелерге атау беру туралы" 2008 жылдың 10 қарашадағы № 27 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Ақтөбе облысы Алға ауданы Үшқұдық ауылдық округінің әкімінің 2015 жылғы 10 қарашадағы № 60 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 03 желтоқсанда № 4620 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 3 шілдесіндегі "Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына және Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әртүрлі заңнамалық актілердің құқық нормалары арасындағы қайшылықтарды, оқшылықтарды, коллизияларды және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін нормаларды жою мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Конституциялық Заңына, Қазақстан Республикасындағы 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабына сәйкес, Үшқұдық ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Үшқұдық селолық округі әкімінің мемлекеттік тіліндегі "Көшелерге атау беру туралы" 2008 жылдың 10 қарашадағы № 27 (нормативтік құқықтық актілерді тіркеу Тізілімінде № 3-3-63 болып тіркелген, 2009 жылы 17 ақпанда аудандық "Жұлдыз-Звезда" газетінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін:

мемлекеттік тіліндегі көрсетілген шешімнің деректемелеріндегі және бүкіл мәтіні бойынша "селолық" сөзі "ауылдық" сөзімен ауыстырылсын;

мемлекеттік тіліндегі шешімнің кіріспесіндегі "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 21 қаңтардағы № 45 "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік ономастикалық жұмыс тұжырымдамасы туралы" қаулысына" сөздері алынып тасталынсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң колданысқа енгізіледі.

Үшқұдық ауылдық округінің әкімі

М. Жармуханов